

**Жылу энергиясын өткізу жөніндегі қызметтерді
көрсетуге арналған**

№54-2026 шарт

Ақсу қ.

«05» 01.2026ж.

Ақсу қаласы әкімдігінің, «Ақсу қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Теплосервис-Ақсу» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны жылу тасымалдаушы субъектісі ретінде, БСН 091240008625, 15.09.2025ж. № 24 Сенімхат негізінде әрекет ететін жылу энергиясын тұтынушылармен жұмысы жөніндегі бюросының бастығы м.а. Гульнар Гаппаровна Байтлеуова атынан, бұдан әрі бір жағынан **«Өнім беруші»** және қызметтерді пайдаланушы деп аталады, және **Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің «Республикалық ветеринариялық зертхана» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны** 15.12.2025ж. № 154 сенімхат негізінде әрекет ететін ҚРА шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің «Республикалық ветеринариялық зертхана» ШЖҚ республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Павлодар облыстық филиалының директоры Айдын Кабибуллаевич Акильжанов атынан, бұдан әрі **«Тұтынушы»** деп аталатын, екінші жағынан, төмендегілер туралы осы Шартты (бұдан әрі - Шарт) жасасты:

1-тарау. Шартта қолданылатын негізгі ұғымдар

Шартта келесі негізгі ұғымдар қолданылады:

1.1. Жылу тасымалдаушы субъект - осы Заңға сәйкес жылу энергиясын тасымалдау және (немесе) өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын дара кәсіпкер немесе заңды тұлға;

1.2. Жылу энергиясын тасымалдау - жылу энергиясын және (немесе) жылу жеткізгішті қабылдауды және оны жылу энергиясының көзінен жылу энергиясын тұтынушыға дейін жеткізуді қамтитын жылу энергиясын беру және тарату;

1.3. Өнім беруші - тұтынушыларға сатып алынған жылу энергиясын сатуды жүзеге асыратын ұйым;



Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-ІІ Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

1.4. Тұтынушы- жылу энергиясын тұтынушы (бұдан әрі – тұтынушы) –Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жылу энергиясын өзі тұтыну және (немесе) қосалқы тұтынушыға одан әрі сату үшін сатып алатын жеке немесе заңды тұлға;

1.5. Жылу энергиясы – тұтыну кезінде жылу жеткізгіштердің термодинамикалық параметрлері өзгереді, тауар болып табылатын энергетикалық ресурс;

1.6. Жылумен жабдықтау жүйесі – жылу тасымалдағышты өндіруге, тасымалдауға және пайдалануға арналған қондырғылар кешені;

1.7. Жылу тұтынатын қондырғылар – жылу энергиясын тұтынушының мұқтаждықтары үшін жылу энергиясын, жылу жеткізгішті пайдалануға арналған құрылғылар кешені;

1.8. Жылу желісі – жылу энергиясын жылу энергиясы көздерінен жылу тұтынатын қондырғыларға дейін беру мақсатында жылу жеткізгішті тасымалдауға және оның ағынын реттеуге арналған құбыржолдар мен құрылғылар (орталық жылу пункттерін, сорғы станцияларын қоса алғанда) жүйесі;

1.9. Есептік кезең – тұтынылған жылу энергиясы есепке алынатын және Тұтынушыға төлеуге ұсынылатын жылумен жабдықтау шартында айқындалатын уақыт кезеңі (күнгізбелік ай);

1.10. Жылу энергиясы үшін есеп айырысу – жеткізуші ұсынған төлем құжаты негізінде есеп айырысу кезеңінен кейін тұтынылған жылу энергиясы үшін тұтынушыға төлем;

1.11. Тараптардың пайдалану жауапкершілігін бөлу шекарасы – жылу тұтынатын құрылғылардың және/немесе желінің теңгерімдік тиесілігі бойынша немесе тараптардың келісімімен айқындалатын жылу тұтынатын құрылғыларды және/немесе Тараптар желілерін бөлу нүктесі (сызығы), көп пәтерлі тұрғын үйлердегі тұтынушы мен энергия беруші немесе энергиямен жабдықтаушы ұйым арасындағы пайдалану жауапкершілігінің шекарасы басқару торабының кіріс ысырмаларының бірінші бөлу фланеці бойынша айқындалады (Элеватор);

1.12. Теңгерімдік тиесілік шекарасы – жылу желісінің энергия өндіруші, энергия беруші ұйымдар мен тұтынушы арасындағы, сондай-ақ тұтынушы мен қосалқы тұтынушы арасындағы жылу желісінің теңгерімдік тиесілігі бойынша айқындалатын бөліну нүктесі;

1.13. Өлшем құралдарын салыстырып тексеру – өлшем құралдарының белгіленген техникалық және метрологиялық талаптарға сәйкестігін айқындау және растау мақсатында мемлекеттік метрологиялық қызмет немесе басқа аккредиттелген заңды тұлғалар орындайтын операциялар жиынтығы;

1.14. Төлем құжаты – есепке алу аспаптарының нақты көрсеткіштері негізінде Өнім беруші жазып берген, ал олар болмаған немесе уақытша бұзылған кезде – есеп айырысу жолымен соның негізінде тұтынушы тұтынылған жылу энергиясы үшін

төлем жүргізетін құжат (шот, хабарлама, түбіртек, өскерту, шот).



1.15. Уәкілетті органның ведомствосы – табиғи монополиялардың тиісті салаларында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органның ведомствосы.

1.16. КЕА(коммерциялық есепке алу аспабы) – жылу энергиясын және (немесе) жылу жеткізгішті коммерциялық есепке алуға арналған, Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен қолдануға рұқсат етілген техникалық құрылғы;

1.17. Жылу энергиясына арналған тариф – тұтынылған жылу энергиясы үшін ақы алынатын табиғи монополиялар салаларындағы бақылауды және реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган бекіткен жылу энергиясының бірлігі құнының ақшалай мәні;

1.18. Жылу энергиясының шығысын есепке алу нүктесі – коммерциялық есепке алу аспаптарының көмегімен немесе есеп айырысу әдісімен, ол болмаған кезде жылу энергиясының шығысы айқындалатын жылумен жабдықтау схемасының нүктесі;

1.19. Жылыту кезеңі – сыртқы ауаның орташа тәуліктік температурасы бес күн бойы +8°C төмен болатын уақыт кезеңі. Жылыту кезеңінің басталуы мен аяқталуы ауаның орташа тәуліктік температурасы туралы деректер негізінде анықталады. Жергілікті атқарушы органдар (әкімдіктер) ауа райының нақты жағдайлары мен болжамдары негізінде жылыту маусымының басталуы және аяқталуы туралы шешім қабылдайды;

1.20. НТҚ – нормативтік-техникалық құжаттама;

1.21. ЖЭПҚ – жылу энергиясын пайдалану қағидалары;

1.22. МЖБҚ – мәліметтерді жинау және беру құрылғысы;

1.23. Температуралық кесте – орталықтандырылған жылу желісінің беру және қайтару құбырларының сыртқы ауа температурасына қатысты бекітілген температурасы;

1.24. ӨҚ – өлшеу құралы – стандартталған метрологиялық сипаттамалары бар өлшемдерге арналған техникалық құрылғы.

2-тарау. Шарттың мәні

2.1. Шарт алдындағы міндетті талаптар:12.02.2020ж. Теңгерімдік тиесілігін және тараптардың пайдалану жауапкершілігін ажырату актісі. Жылу энергиясын өткізу бойынша қызметтер көрсету шарты Тұтынушымен ЖЭПҚ сәйкес, егер оның Өнім берушінің жылу желілеріне қосылған қажетті жылу реттейтін жабдықты КЕА болса, «Жылу энергетикасы туралы» Заңына сәйкес НКҚ және ЖЭПҚ негізінде жасалады.

Егер Тұтынушыда коммерциялық есепке алу құрылғысы болмаса, Шарт Тұтынушы КЕА орнатуға кепілдік міндеттемесіне қол қойған кезде жасалады.

~~Бұл тарауда міндетті шарттар қарастырылған: жылу энергетикасы саласындағы~~
Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-ІІ Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.



қолданыстағы НТҚ белгіленген талаптарға сәйкес жылу энергиясын беру және тұтыну режимі, бу мен ыстық судағы жылу энергиясының сағат сайын максималды бөлінуі, сондай-ақ жылу энергетикасы саласындағы қолданыстағы НТҚ ескере отырып, жылу тасымалдағыштың сәйкес сағаттық максималды шығыны және оны қайтару шарттары, жылу энергиясын тұрмыстық мақсатта пайдаланатын жеке тұлғалар үшін жылу энергиясының мөлшері, жылу энергиясының сапасы, Тұтынушы қайтаратын конденсаттың көлемі мен сапасы, оның ішінде жылумен жабдықтау жүйелеріне техникалық дайындығы туралы актінің, жылу желілерінің теңгерімдік тиесілігін және тараптардың пайдалану жауапкершілігін ажырату актісінің және басқа да құжаттардың бар болуы.

2.2. Жылу желілеріне Тұтынушының жылу тұтынатын қондырғылары қосылған Өнім беруші қосылған желі арқылы Тұтынушыны жылу энергиясымен қамтамасыз етеді, ал Тұтынушы Өнім берушіге тұтынылған жылу энергиясы үшін ақы төлеуге міндеттенеді.

Бұл ретте тұтынушыларға жеткізілетін жылу энергиясының параметрлері Тұтынушы теңгерімдік тиесілік шекарасы орнатылған КЕА көрсеткіштері бойынша анықталады және жылу энергетикасы саласындағы мемлекеттік стандарттарда немесе басқа да НТҚ белгіленген талаптарға, сондай-ақ Өнім беруші жасаған және жергілікті атқарушы органдармен келісілген температуралық кестеге сәйкес келуі керек. Өнім беруші Шартқа сәйкес Тұтынушыны жылу энергиясымен қамтамасыз етуге міндетті.

3-тарау. Тараптардың құқықтары, міндеттері және жауапкершілігі

3.1. Тұтынушы:

- 1) жылу энергиясын өткізу Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасына сәйкес бекітілген тарифтер бойынша сатып алуға;
- 2) жылу энергиясын есептік параметрлер мен температура кестесіне сәйкес алуға;
- 3) тараптардың келісімі бойынша тұтынылатын жылу энергиясының мөлшерін өзгертуге;
- 4) Өнім берушіден Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасына сәйкес тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) немесе олардың шекті деңгейлерінің өзгеруі туралы ақпаратты алуға;
- 5) Қазақстан Республикасының Табиғи монополиялар туралы заңнамасына сәйкес қызметті жүзеге асыру кезінде жылу маусымы кезеңінде жылу энергиясын алуға;



6) Өнім берушінің нақты ұсынған қызметтеріне ақы төлеген жағдайда күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей Өнім берушіге жазбаша хабарлап, біржақты тәртіппен Шартты бұзуға құқылы. Бұл ретте, жылыту жүйесі көппәтерлі үйдің жалпы жылыту жүйесінің бір бөлігі болып табылатын жеке үй-жай иесінің жылу энергиясымен өткізуге жасалған Шарттан біржақты бас тартуына жол берілмейді.

7) жария тыңдауларға қатысуға;

8) Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген өзге де құқықтарға ие болуға.

3.2. Тұтынушы:

1) ЖЭПҚ талаптарына сәйкес КЕА және жылу энергетикасы саласындағы НТҚ (коммерциялық есепке алу аспаптары болмаған жағдайда оларды орнатуды қамтамасыз ету) болуына, жабдықтың және ӨҚ техникалық жай-күйін және желілік қосылымдардың сақталуын бақылауды жүзеге асыру үшін жылу энергиясын бақылау және жылу тұтыну қондырғыларына Өнім берушінің өкілінің және мемлекеттік органдардың уәкілетті лауазымды адамдарының кедергісіз кіруін қамтамасыз етуге, олардың сақталуын бақылауды жүзеге асыру тәртібі заңмен айқындалады;

2) НТҚ және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Өнім берушімен белгілеген техникалық талаптарды сақтауға;

3) Шарт талаптарына сәйкес тарифтер бойынша жылу энергиясын өткізу бойынша Өнім беруші көрсеткен қызметтерді уақытылы және толық көлемде ақы төлеуге;

4) КЕАА істен шыққаны туралы Өнім берушіге дереу жазбаша хабарлауға. олай болмаған жағдайда КЕА тиісті құжаттармен расталған алдыңғы салыстырып тексеру күнінен бастап жарамсыз деп танылады;

5) Өз пайдалануындағы жылу желілердің, жылуды тұтынатын қондырғылардың, түйіндердің, жылу энергиясының КЕАның және (немесе) жылу тасымалдағышты және ӨҚ тиісті техникалық жай-күйін және қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, жылу жабдықтарында жылу энергияны тұтынудың белгіленген режимін мыналарға сәйкес сақтауға:

- МСН 4.02-02.2004 «Жылу желілері»;
- ҚР ЕЖ 4.02-104-2013 «Жылу желілері»;
- ҚР ҚН 4.02-01-2011 «Ауаны жылыту, желдету және кондиционерлеу»;
- ҚР ЕЖ 4.02-108-2014 «Жылу пунктерді жобалау»;
- ҚР ЕЖ 4.01-02.2011 «Ғимараттар мен құрылыстарды ішкі сумен жабдықтау және канализация

6) Жылу тұтыну қондырғыларын пайдалануға қосуға дейін және әрбір жылу беру маусымының алдында «Павлодар облысында жылу беру маусымына дайындық және



өткізу қағидаларына», «Жылу энергиясын тасымалдау және тарату жүйелерін (жылу желілерін) техникалық пайдалану жөніндегі үлгілік нұсқаулықтарға» сәйкес Өнім беруші берген техникалық әзірлік актісін ресімдеу бойынша іс-шаралар кешенін жүргізуге;

7) Шартты бұзу кезінде есеп айырысуларға салыстыру жүргізу және Өнім берушінің жылу энергиясымен өткізу бойынша нақты ұсынған қызметтері үшін борышын өтеуге міндетті.

3.3. Өнім беруші:

1) ЖЭПҚ сәйкес Тұтынушылардың сақтауы үшін

міндетті техникалық талаптарды белгілеуге;

2) Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасына сәйкес бекітілген тарифтер бойынша жылу энергиясымен өткізу жөнінде көрсетілетін қызметтер үшін ақы алуға;

3) уәкілетті орган бекіткен тәртіпте тарифтердің қолданылуы кезеңінде жылу энергиясымен өткізу жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифтерді төмендетуге;

4) берілген техникалық шарттарға сәйкес тұтынушының барлық жылыту жабдығына, ӨҚ және КЕА-на тексеру жүргізуге құқылы.

3.4. Өнім беруші:

1) жылу энергиясымен өткізу жөніндегі көрсетілетін қызметтердің барлық тұтынушылары үшін тең жағдайлар ұсынуға;

2) жылу энергиясымен өткізу жөніндегі көрсетілетін қызметтерді ұсынуға Тұтынушымен Шарт жасасуға;

3) Тұтынушылардан жылу энергиясымен өткізу бойынша көрсетілген қызметтерді ұсынғаны үшін төлемдерді, оның ішінде қазіргі заманғы ақпараттық-техникалық құралдарды пайдалана отырып қабылдауды қамтамасыз етуге;

4) жылу энергиясымен өткізу жөніндегі қызметтерді ұсынуға арналған шартты жасасу кезінде Тұтынушылар құқықтарының бұзылуына жол

бермеуге;

5) жылу желілерінің теңгерімдік тиесілілігін бөлу шекарасында осы Шартта көзделген жылу энергиясының параметрлерін ұстауға;

6) тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) немесе

олардың шекті деңгейлерінің өзгеруі туралы ақпаратты Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасында белгіленген мерзімде Тұтынушының



Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-ІІ Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

назарына жеткізуге.

4-тарау. Тараптардың жауапкершілі

4.1. Осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауап береді.

4.2. Шот-фактура бойынша төлем мерзімі келген кезде төлемегені үшін, Жеткізуші Тұтынушының төленбеген сомалары үшін айыппұл төлеуге құ-

қылы. Тұтынушы ақшалай міндеттемені нақты орындаған күні Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландыру мөлшерлемесінің 1,5 еселенген мөлшерінен аспайды, төлем мерзімі өткен әрбір күн үшін, бірақ негізгі қарыз сомасынан аспайды.

4.3. Егер тараптардың келісімінде өзгеше көзделмесе, тұрақсыздық айыбын есептеу мерзімінің басталуы есептік кезеңнен кейінгі айдың бірінші күні болып табылады.

4.4. Тұрақсыздық айыбын төлеу тараптарды Шарт бойынша міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

5-тарау. Жеткізілетін жылу энергиясының параметрлері мен көлемі

5.1. Жылу энергиясын беру және оның мөлшері жылу көзіндегі температура кестесіне сәйкес келуі керек.

Жылу энергиясын берудегі үзілістер, сондай-ақ оның параметрлерінің сәйкессіздігі Өнім берушінің диспетчерлік қызметінің журналында белгіленуі қажет.

5.2. Өнім беруші сыртқы ауа температурасының деректерін жылутасымалдағыштың температуралық кестесінің көрсеткіштерімен және оның жылу көзіндегі ауытқуларымен салыстырады және оны түзету үшін қажетті шараларды жүргізеді.

6-тарау. Жылу энергиясын беру және тұтыну режимі

6.1. Егер тараптардың келісімінде өзгеше көзделмесе, Өнім беруші жылу беру кезеңінде жылу энергиясын үздіксіз шығарады.



Жылумен қамтамасыз етілмейтін кезеңде жылу желілеріндегі жөндеу жұмыстарының кезеңін қоспағанда, ЫСЖ қажеттіліктеріне жылу энергиясы беріледі.

6.2. Тұтынушының Шартта көрсетілген жүктеме мен тұтынатын жылу энергиясы мөлшерінен артық және техникалық шарттарға сәйкес келмейтін.

6.3. Тұтынушы Өнім берушіге жылу энергиясын өткізу бойынша ақы төлеуге, сондай-ақ жылу энергиясын тұтыну режимін және осы Шартта көзделген басқа да талаптарды сақтауға міндеттенеді.

7-тарау. Тариф мөлшері

7.1. Тұтынушы Өнім берушінің жылу энергиясымен өткізу жөніндегі көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеуді Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасына сәйкес бекітілген тарифтер бойынша жүргізеді;

7.2. Тұтынушы Өнім берушінің жылу энергиясымен өткізу бойынша ұсынған нақты қызметтеріне ақы төлеуді есеп айырысудан кейінгі айдың 25-күнінен кешіктірмей есепке алу аспаптарының көрсеткіштеріне сәйкес жүргізеді.

Жылытуға арналған жылу энергиясы 118,98 Гкал\ж

Ыстық сумен қамтуға арналған жылу энергиясы 0,00 Гкал\ж

Қаңтар	8,39	Шілде	0,00
	Гкал		Гкал
Ақпан	7,33	Тамыз	0,00
	Гкал		Гкал
Наурыз	5,24	Қыркүйек	0,00
	Гкал		Гкал
Сәуір	3,10	Қазан	3,69
	Гкал		Гкал
Мамыр	0,00	Қараша	5,16
	Гкал		Гкал
Маусым	0,00	Желтоқсан	5,90
	Гкал		Гкал

7.3. Өткен кезеңдер үшін берешегі болған кезде, төлемақы бірінші кезекте осы берешекті өтеуге жіберіледі.



Тұтынушы есеп айырысу кезеңі үшін іс жүзіндегіден артық сома төлеген жағдайда, осы артық айырма келесі есеп айырысу кезеңінің аванстық төлеміне автоматты түрде (не тараптардың келісімі бойынша Өнім берушінің алдындағы Тұтынушының өзге де міндеттемелері бойынша берешегін өтеу есебіне, егер осындай болса) есептеледі.

7.4. Коммерциялық есепке алу құралының дұрыс жұмыс істемеуі, пломбалардың, этикеткалардың, тексеру аралық кезеңдердің тұтастығына нұқсан келтіру нәтижесінде және басқа жағдайларда қайта есептеу қажет

болған жағдайда, Тараптар келесі есеп айырысу кезеңдерінде есепке түзетулер енгізеді.

7.5. Төлем құжатында көрсетілген деректемелер бойынша Өнім берушінің ағымдағы шотына ақша аудару Өнім берушінің жылу энергиясымен өткізу бойынша көрсетілетін қызметтеріне.

8-тарау. Сыртқы температураға байланысты жылу энергиясын жеткізу кестесі

8.1. Жылу энергиясын пайдалану және Тұтынушының жылу тарату жабдығында температуралық кестені сақтау кезінде қайтарылатын желілік су қайтару жылу тасымалдағышының кестесіне сәйкес температура мәндерінен аспауы керек.

8.2. Коммерциялық есепке алу құралы жоқ тұтынушылар үшін шарттық көлемнен артық берілген жылу энергиясының көлемін есептеу Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар саласындағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

9-тарау. Тараптардың баланстық тиесілігін және пайдалану жауапкершілігін бөлу шекаралары

9.1. Жабдықтың техникалық жай-күйі және тұтынушылардың меншігіндегі, оның ішінде тұтынушылардың ортақ меншігіндегі жылу желілерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жауапкершілік тұтынушыларға жүктеледі және теңгерімдік тиесілілік шекарасы бойынша айқындалады.

Жылу энергияның КЕА сақталуына жауапкершілік оның иесіне жүктеледі және теңгерімдік тиесілілік шекарасы бойынша айқындалады. КЕА салыстырып тексеру таңбаларын бедері, өздігінен жабысатын жапсырмасы, пластмасса немесе ілулі пломбасы бүлінген немесе КЕА бастапқы немесе кезеңдік тексеруден өткенін растайтын құжат жоғалған оның ішінде оларды сақтау кезінде жоспардан тыс

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолғап» туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-ІІ Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.



тексеруге жатады.

9.2. КЕА істен шыққан жағдайда Өнім беруші КЕА жоқ тұтынушылар үшін жылу энергиясын тұтыну нормасы бойынша, көрсетілген кезеңдер үшін есеп жүргізеді.

9.3. КЕА үшінші тұлғалар ұрлаған немесе бұзған жағдайда Тұтынушы бұл туралы Өнім берушіге дереу хабарлауға, коммерциялық есепке алу құралын қалпына келтіруге міндетті. Бұл жағдайда есептеу осы Шарттың 9.2-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

10-тарау. Орталықтандырылған жылумен жабдықтау жүйелері

мен жергілікті жылумен жабдықтау жүйелеріндегі жылу

энергиясын және (немесе) жылу жеткізгішті есепке алу

10.1. Жылу энергиясын және (немесе) жылу жеткізгішті коммерциялық есепке алу мынадай тәсілдермен:

1) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне және нормативтік техникалық құжаттарға сәйкес есептелген және айқындалған шарттық мәндер мен шамалар негізінде – есептеме тәсілімен;

2) орнатылған және пайдалануға берілген коммерциялық есепке алу аспаптарынан алынған деректер негізінде аспаптық тәсілмен жүзеге асырылады. Аспаптық тәсіл жылу энергиясын және (немесе) жылу жеткізгішті коммерциялық есепке алудың негізгі тәсілі болып табылады.

10.2. Есептеме тәсілін қолдану шекаралары «Жылу энергиясы мен жылу

жеткізгішті есепке алу қағидаларына» сәйкес айқындалады.

10.3. Жылу энергиясының КЕА жылу желілерінің теңгерімдік тиесілігін және пайдалану жауапкершілігін бөлу шекарасында орнатылмаған жағдай-да жылу желісінің теңгерімдік тиесілілігі шекарасынан жылу энергиясын КЕА орнатылған орнына дейінгі жерге шарт негізінде жылу желілерінің көрсетілген учаскесі теңгерімінде тұрған Иесіне жатқызылады. Өнім беруші шығындарды Қазақстан Республикасының Табиғи монополиялар

саласындағы заңнамасына сәйкес есептік жолмен айқындайды.

10.4. Жылу шығынын есептеуді Өнім беруші (НТҚ сәйкес) жүргізеді, оның жылу желілеріне Тұтынушы қосылады және Тұтынушының сұрауы бойынша береді.

10.5. Жаңадан пайдалануға берілген объектілердегі орталықтандырылған

жылумен жабдықтау жүйелерінде Тұтынушылардың жылу тұтынатын



қондырғыларын КЕАсыз Өнім берушінің жылу желілеріне қосуға жол берілмейді.

10.6. Орталықтандырылған жылумен жабдықтау жүйесінде КЕА сатып алуды, орнатуды, салыстырып тексеру мен пайдалануды Тұтынушының өзі жүзеге асырады.

10. КЕА қойылатын талаптар, сондай-ақ жылу энергиясын және (немесе) жылу жеткізгішті есепке алуды автоматтандыру тәртібі «Жылу энергетикасы туралы» Заңымен және «Жылу энергиясы мен жылу жеткізгішті есепке алу қағидаларында» белгіленеді.

11-тарау. Жылу энергиясын беру үзілістері.

11.1. Мемлекеттік энергетикалық қадағалау органы куәландырған тұтынушының энергетикалық қондырғыларының қанағаттанарлықсыз жай-күйі аварияға қауіп төндіретін немесе азаматтардың өмірі мен қауіпсіздігіне қатер төндіретін жағдайды қоспағанда, энергия берудегі үзіліске, энергия беруді тоқтатуға немесе шектеуге тараптардың келісімі бойынша жол беріледі.

Энергиямен жабдықтаушы ұйым энергиямен қамтамасыз етудегі үзіліс, тоқтату немесе энергия беруді шектеу туралы тұтынушыны алдын ала ескертуге тиіс.

11.2. Тұтынушының келісімінсіз және ескертусіз жылу энергиясын берудегі үзіліске, беруді тоқтатуға немесе шектеуге жылумен жабдықтау жүйесіндегі жылу жабдықтарындағы аварияны болғызбау немесе жою жөнінде шұғыл шаралар қабылдау қажет болған жағдайларда жол беріледі.

12-тарау. Шартты бұзу шарттары

12.1. Егер Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде, басқа да заңнамалық актілерде және осы Шартта өзгеше көзделмесе, тараптардың келісімі бойынша Шартты бұзуға болады.

12.2. Шартты біржақты бұзу екінші тарапты Шарт бұзылғанға дейін күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей міндетті түрде жазбаша хабардар ету арқылы да мүмкін болады.

12.3. Тараптардың бірінің талабы бойынша шарт сот шешімімен ғана бұзылуы мүмкін:

1) екінші тарап шартты елеулі түрде бұзған кезде;



актілерде немесе осы Шартта көзделген өзге де жағдайларда қолданылады.

Тараптардың бірінің шартты бұзуы Елеулі деп танылады, ол екінші Тарап үшін осындай залалға әкеп соғады, ол шарт жасасу кезінде сенуге құқылы нәрседен едәуір дәрежеде айырылады.

12.4. Шартты бұзу туралы Келісім, егер заңнамадан, Шарттан немесе іскерлік айналым әдет-ғұрыптарынан өзгеше туындамаса, шарт сияқты нысанда жасалады.

12.5. Тарап шартты бұзу туралы талапты екінші Тараптың шартты бұзу туралы ұсыныстан бас тартуын алғаннан не ұсыныста көрсетілген немесе заңнамада не шартта белгіленген мерзімде, ал ол болмаған кезде - отыз күн мерзімде жауап алмағаннан кейін ғана сотқа мәлімдей алады.

12.6. Шарт бұзылған кезде тараптардың міндеттемелері тоқтатылады.

12.7. Шарт бұзылған жағдайда міндеттемелер, егер Тараптардың келісімінен өзгеше туындамаса, тараптардың шартты бұзу туралы келісіміне қол жеткізген кезден бастап, ал шартты сот тәртібімен бұзған кезде - шартты бұзу туралы сот шешімі заңды күшіне енген кезден бастап тоқтатылды деп есептеледі.

12.8. Егер Тараптардың заңнамалық актілерінде немесе келісімінде өзгеше белгіленбесе, тараптар шарт бұзылған кезге дейін міндеттеме бойынша өздері орындаған нәрсені қайтаруды талап етуге құқылы емес.

12.9. Егер Тараптардың бірінің шартты Елеулі бұзуы Шартты бұзуға негіз болса, екінші тарап Шартты бұзудан келтірілген залалдың орнын толтыруды талап етуге құқылы.

13-тарау. Коммерциялық есепке алу құралдарына қойылатын

тиісті талаптарды қоса алғанда, тұтынушыға есеп беру

және есеп айырысу әдісі

13.1. Тұтынушылардың жылу тұтынатын тарату жабдығы мұрағаттаумен

қажетті КЕА-мен қамтамасыз етіледі. Тұтынушы КЕА дербес сатып алуға

және орнатуға құқылы. Жылу энергиясын есепке алуды ұйымдастыру,

жылу жеткізгіштің жылу энергиясын КЕА тараптарының техникалық жай-күйі НТҚ талаптарына жауап беруі тиіс.

13.2. Жылу энергиясын есепке алу үшін үлгілері өлшем бірліктерін қамтамасыз етудің мемлекеттік тізіліміне енгізілген КЕА пайдаланылуы тиіс. Бұл ретте, оларда алғашқы



немесе кезеңмен тексерілгені туралы осындай тексеруге құқығы бар ұйымның таңбасы болуы қажет. Тұтынушының кінәсінан КЕА көрсеткіштерін алу мүмкін болмаған кезде және егер бұл ретте Тұтынушы Өнім берушіге өзі жұмсаған жылу энергиясының мөлшері туралы мәліметтерді ұсынбаса, Өнім беруші нақты тұтыну бойынша кейіннен қайта есептеуді жүргізе отырып, өткен жылдың осындай кезеңіндегі Тұтынушының пайдаланған жылу энергиясының көлемін негізге ала отырып, осы кезеңдер үшін төлемдерді жүзеге асыруға құқылы. Тұтынушының кінәсінан КЕА көрсеткіштерін алудың мүмкін болмауы Өнім берушінің журналында тиісті жазбамен расталады.

13.3. КЕА кезеңмен (кезектен тыс) тексеруді, жөндеуді және оған техникалық қызмет көрсетуді не осындай қызмет түріне рұқсаты бар өзге мамандандырылған, сертификатталған ұйым Тұтынушымен жасалған жеке шарт бойынша жүзеге асырады.

13.4. Тараптар өз теңгерімдеріндегі КЕА тиісті метрологиялық стандарттарда көзделген мерзімдерде өз есептерінен метрологиялық тексеру жүргізеді.

14-тарау. Дауларды реттеу тәртібі

14.1. Тараптар келіссөздер арқылы барлық дауларды реттеу үшін барлық күштерін жұмсайды.

14.2. Келісімге қол жеткізілмеген жағдайда Шарт бойынша барлық даулар мен келіспеушіліктер дауларды шешудің сотқа дейінгі тәртібін міндетті түрде сақтай отырып, жауапкердің орналасқан жері бойынша соттарда шешіледі.

14.3. Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда Шартты бұзуға құқылы.

14.4. Тараптардың келісімі бойынша Шарт үлгілік Шартқа және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да талаптармен жазбаша Қосымша келісімді міндетті түрде дайындаумен толықтырылуы мүмкін. Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер үшін Шарт Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық органдарында тіркеледі және тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

15-тарау. Шарттың қолданылу мерзімі

15.1. Шарт Тараптар қол қойған күннен бастап күшіне енеді және осы Шарттың талаптары 01.07.2025ж. бастап туындаған қатынастарға қолданылады және белгісіз

мерзімге жасалған болып көрсетіледі. Электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-ІІ Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.



**16-тарау. Осы Шарттың ажыратылмайтын
бөлігі болып саналатын қосымшалар**

16.1. Теңгерімдік тиесілігін және тараптардың пайдалану жауапкершілігін ажырату актісі (1 қосымша).

16.2. Тапсырыс берушінің жылуды тұтынуға есеп айырысу-өтінімі (2 қос.).

**17-тарау. Заңды мекенжайлар, банк деректемелері
және Тараптардың қолдары**

Өнім беруші:

Ақсу қаласы әкімдігінің, «Ақсу қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Теплосервис-Ақсу» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны

140100, Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, Ақсу қаласы,

Вокзальная көшесі, 5

БСН 091240008625 ЖСК KZ676010241000223047 БСК HSBKKZKX

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ КБЕ 16

ҚҚС куәлігі: 16.10.2012ж. сериясы 45001 № 0005473

Тел: 8 (718 37) 6 38 42

Тұтынушы:

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің «Республикалық ветеринариялық зертхана» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Сарыарқа ауданы,

Республика Даңғылы, 50/1



Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-ІІ Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

БСН 030140001998

ЖСК KZ15551Z12600051KZT БСК KSNVKZKA

«Банк Фридом Финанс Казахстан» АҚ

Жүк алушы:

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің «Республикалық ветеринариялық зертхана» шаруашылық жүргізу қуқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Павлодар облыстық филиалы

Қазақстан Республикасы, 140017, Павлодар облысы, Павлодар қаласы, Павлодар ауылы, Октябрьская көшесі, 84 құрылыс

БСН 010241002189

ЖСК KZ15551Z12600051KZT БСК KSNVKZKA

«Банк Фридом Финанс Казахстан» АҚ

Қаржыландыру көзі – республикалық бюджет.

Тел.: 8 (7182) 70 39 90

Жеткізілетін қызметтердің межелі пункті:

Аксу қ., Вокзальная көш., 17 Ветеринариялық зертхана, виварий

Тел.: 6 14 15

Тараптардың қолдары:

Жеткізуші

м.о. _____ Г.Г. Байтлеуова

Тұтынушы

м.о. _____ А.К. Акильжанов





Сатып алынатын тауарлар (көрсетілетін қызметтер, жұмыстардың) тізімі

Электрондық конкурстың №:
Электрондық конкурстың атауы: Решение о проведении государственных закупок

Лоттың №	Тапсырыс беруші атауы	Атауы	Қысқа сипаттама	Қосымша сипаттама	Өлшем бірлік	Саны, көлемі	Бірлік бағасы, соның ішінде ҚҚС, теңге	Тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Шарт бойынша тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Жеткізу орындар	Аванс төлемінің мөлшері %, %	Жалпы сома, соның ішінде ҚҚС, теңге
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
2026 қаржылық жыл												

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің "Республикалық ветеринариялық зертхана" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Павлодар облыстық филиалы	Коммуналдық желілерден басқа, жылулық бөлу желілерімен ыстық суды (жылу энергиясын) бөлу бойынша қызмет көрсетулер	Тұрғын үй-коммуналдық қоспағанда жылу тарату желілеріне ыстық су (жылу энергиясы) бөлу бойынша қызметтер	Коммуналдық-турмыстық қажеттіліктері үшін ыстық суды (жылу энергиясы), тапсыру, үйлестіру бойынша қызметтер	Бір қызмет	1	608 576.08	жыл бойы	2026 жыл бойы	Павлодар облысы, Ақсу қ. Павлодар облысы, Ақсу қаласы, Вокзальная көшесі, 17; Ақсу РВЗ (1)	0	608 576.08
---	--	--	---	------------	---	------------	----------	---------------	--	---	------------



Договор № 54-2026

на оказание услуг по реализации тепловой энергии

г. Аксу

«05» 01. 2026г.

Теплотранспортирующий субъект **Коммунальное государственное предприятие «Теплосервис-Аксу» на праве хозяйственного ведения государственного учреждения «Отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог города Аксу акимата города Аксу, БИН 091240008625**, в лице и.о. Начальника Бюро по работе с потребителями тепловой энергии Байтлеуовой Гульнар Гаппаровны, действующей на основании Доверенности № 24 от 15.09.2025г., именуемый в дальнейшем Поставщик с одной стороны, и **Республиканское государственное предприятие на праве хозяйственного ведения «Республиканская ветеринарная лаборатория» Комитета ветеринарного контроля и надзора Министерства сельского хозяйства Республики Казахстан**, в лице директора Павлодарского областного филиала РГП на ПХВ «Республиканская ветеринарная лаборатория» Комитета ветеринарного контроля и надзора Министерства сельского хозяйства Республики Казахстан Акильжанова Айдына Кабибуллаевича, действующего на основании Доверенности № 154 от 15.12.2025г., именуемый в дальнейшем «Потребитель», с другой стороны, заключили настоящий Договор (далее – Договор) о нижеследующем:

Глава 1. Основные понятия, используемые в Договоре

В Договоре используются следующие основные понятия:

1.1. Теплотранспортирующий субъект - индивидуальный предприниматель или юридическое лицо, осуществляющие деятельность по транспортировке и (или) реализации тепловой энергии в соответствии с настоящим Законом;

